

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының
төрағасы Ж.Қ.Асанов мырзаға

Қызылорда облысы, Арал ауданы, Сазды
аулының тұрғыны

Жургенбаев Онгарбек Сагинаевичтен және
өкілі, адвокат Сулейменов Байтактан

ҰСЫНЫС

Биылғы 2019 жылдың сәуір айында біздің шағын ауылдың азаматы Махамбеталиев Қожабай деген ақсақал менің қорамда туғызып, бағып өсірген екі бас сиыр малын менікі деп әуелі аудандық полиция бөліміне одан кейін аудандық сотқа талап арыз беріп, ұйып отырған шағын ауылды жікке бөліп мені ұры атандырды. Бұл сокқы адал жұмыс істеп жүрген жай шаруа адам маған оңай тиген жоқ. Күндіз-түні ойланумен болдым, ал сотта малымның өзімдікі екендігін дәлелдей алсам жақсы, ал дәлелдей алмай ана жақтың пайдасына шешілсе не істеймін деген ой мені қатты қажытып жіберді. Қазақта ежелден келе жатырған-жер дауы, мал дауы, жесір дауы деген даулардың қиын екендігін бала кезден естіп өстік. Азаматтық дауды бірнеше ай бойы қараған Арал аудандық сотының судьясы Гулсара Маратқызы Нұрымбетова қажымай-талмай істің әділ шешілуіне дұрыс басшылық жасады. Мамандарды қатыстырып, шалғай мал ауылға көшпелі сот ұйымдастырды. Екі тараптың да дәлелдемелерін тындап іске қатыстылығы мен жарамдылығын, әділеттілік пен парасаттылық қағидаларын басшылыққа алып объективті шешім қабылдап талап қоюшының заңсыз талабын қанағаттандырусыз қалдырды. Әділеттілік орнады, туыстарым, отасым қуанып, неше айдан бері күйзелісте жүрген аркамдағы зіл түсіп жеңілдеп қалдым. Осыдан кейін әділ шешім шығарған судьяға қайтсем ризашылығымды білдірем деп ойланып, Сізге шешім әлі күшіне мінбесе де ұсыныс жолдауды дұрыс көрдім.

Құрметті Жакып Қажымқанұлы, осындай дауды әділ де сауатты шеше білген Арал аудандық сотының судьясы Г.М.Нұрымбетованы өз тарапыңыздан марапаттауыңызды өтінемін.

Ұсыныс иесі:-

Жургенбаев О.С.

өкілі:-

Сулейменов Б.

22 шілде 2019 жыл.

